

Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 262/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 мамырда № 36162 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 14-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Ж. Мадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму,
инновациялар және аэрогарыш
өнеркәсібі министрі
2025 жылғы 28 мамырдағы
№ 262/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу қағидалары Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 14-бабы 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес әзірленді және зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

- 1) жанама (әкімшілік) шығыстар – көрсетілетін қызметтердің (жұмыстардың) өзіндік құнына тікелей қатысы жоқ шығыстар;
- 2) тікелей шығыстар – қызмет көрсетумен тікелей байланысты шығыстар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу тәртібі

3. Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу кезінде негіздеуші құжаттармен расталған тікелей және жанама (әкімшілік) шығыстар (орындаушының штат кестесі, есептеулер, шарттардың көшірмелері, кемінде 3 (үш) баға ұсынысы) ескеріледі.

4. Зерттеулер мен консалтингтік қызметтердің құнына ықтимал шығындарға арналған резервтерді қалыптастыру жөніндегі шығыстар, өткен кезеңдердегі өзге де борыштар мен залалдарды жабу жөніндегі шығыстар, ақпараттық ілгерілету жөніндегі шығыстар (жарнама), демеушілік көмек, айыппұлдар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық айыбы, сондай-ақ сыйлықақы төлемдеріне, мастер-кластар өткізуға және өкілдік шығыстарға арналған шығыстар енгізілмейді.

5. Тікелей шығыстарға мыналар жатады:

- 1) қызмет көрсетуге тікелей қатысатын ұйымдар персоналдының жалақысы;
- 2) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;
- 3) қосылған құн салығы;
- 4) міндетті сақтандыру түрлері;

5) зерттеулерді, консалтингтік қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдар персоналдының іссапар шығыстары (ел ішінде және (немесе) елден тыс жерлерге қызметтік сапарлар);

- 6) сыртқы сарапшыларды тарту;
 - 7) материалдарды сатып алу (шығыс материалдары, кеңсе тауарлары);
 - 8) көлік қызметтері;
 - 9) полиграфиялық шығыстар (бланкілік өнімдерді: сауалнамаларды, маршруттық парақтарды, карточкаларды, зерттеу есептерін, тест тапсырмаларын тираждау, құжаттарды түптеу, тігу және өндөу);
 - 10) үй-жайды жалға алуға арналған шығыстар;
 - 11) курьерлік көрсетілетін қызметтер (материалдарды жіберу);
 - 12) банктің көрсетілетін қызметтері;
 - 13) ақпараттық-коммуникациялық қызметтер, оның ішінде байланыс қызметтері;
 - 14) аударма қызметтері.
6. Жанама (әкімшілік) шығыстарға мыналар жатады:
- 1) әкімшілік қызметкерлердің жалақысы;
 - 2) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;
 - 3) қосылған құн салығы;
 - 4) байланыс қызметтері;
 - 5) үй-жайды жалға алуға арналған шығыстар;
 - 6) міндетті сақтандыру түрлері.

7. Шығыстарды тиімді жоспарлауды қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік шығыстар зерттеулер мен консалтингтік қызметтер жүргізуге бөлінген тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты сомасының 20 (жиырма) пайзызынан аспайды.